Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Құстардың дауысы жазылған аудионы қосу Балаларға созылу жаттығуларын жасау *(қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын қозғалту).* **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар** Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**				
Бесін ас	Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**Ересектің				

	бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** **Көркем сөз:** Сақтағаның тазалықты, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасан, Ауырмайсын ешқашан.				
Балалардың дербес ісәрекеті (қимылдық,ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Саяхатқа шыққан қонжық"** **Мақсаты:** "С" дыбысын дұрыс айту, дауыс ырғағын мәнерлі қолдану. **Артикуляциялық жаттығу:** "Самал жел" (С-с-с депсыбырлау). **Сөздікжұмыс:** "Су", "саяхат", "сағат". **Байланыстырыпсөйлеу:**Қонжықтың дауысын әртүрлі интонациямен салу. **Құрастыру:**Қонжыққа үй жасау (іріқұрылыс материалдарымен). **Тіл дамыту, Құрастыру**	**"Сиқырлы сөздер"** **Мақсаты:** "С" және "З" дыбыстарын ажырату, сөз тіркестерін дұрыс айту. **Артикуляциялық жаттығу:** "Зулаймын" (З-з-з дыбысы). **Сөздік жұмыс:** "Зымыран", "заңғар", "жүзім". **Байланыстырып сөйлеу:** Сиқыршы болып, сыпайы сөздер айту. **Құрастыру:** "Сиқырлы қала" (ірі құрылыс материалдарымен қала жасау). **Тіл дамыту, Құрастыру**	**"Сәулетті сарай"** **Мақсаты:** "С" дыбысыныңартикуляциясын бекіту, сөзтіркестерінбайыту. **Артикуляциялықжаттығу:** "Сарай тұрғызу" (С-с-с айтуарқылыауғрлеу). **Сөздікжұмыс:** "Сарай", "сурет", "сұлулық". **Байланыстырыпсөйлеу:**Сарайдысипаттау. **Құрастыру:** Сарай салу (үлгі бойынша).Тіл **дамыту, Құрастыру**	**"Саябақтағы серуен"** **Мақсаты:** "С" және "З" дыбыстарын ажырату, сөйлем құрау. **Артикуляциялық жаттығу:** "Самал жел" (жұмсақ "с" айту). **Сөздік жұмыс:** "Серуен", "себет", "зулау". **Байланыстырып сөйлеу:** Балалар саябақтағы көріністерді сипаттайды. **Құрастыру:** Саябақ макетін жасау (ойдан шығару). **Тіл дамыту, Құрастыру**	**"Зымыранмен ұшу"** **Мақсаты:** "З" дыбысын анық айту, сөйлеудің мәнерлілігін дамыту. **Артикуляциялық жаттығу:** "Зулау" (З-з-з айту). **Сөздік жұмыс:** "Зымыран", "жұлдыз", "жер". **Байланыстырып сөйлеу:** Ғарышкердің сөзін мәнерлеп айту. **Құрастыру:** Зымыран жасау ірі құрылыс материалдарымен **Тіл дамыту, Құрастыру**
Балалармен жеке жұмыс	Көктем мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) **Луговская Вероника** **Жанабеков Алим**	Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету. Әр түрлі балалар әрекеттерінде бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау. Сөйлеу қарқынын дұрыс меңгерту. **Савенков Иван** **Белоусов Назар**	Отбасы мүшелерін атап айтуды үйрету. Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтаудыжалғастыру.Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). **Рахметов Дияр**	Баламен оның эмоцияларын қалай тануға болатынын және оларды дұрыс басқаруға үйрету (қатты ашулану, көңілсіз болу, қуану). **Киекбаев Нияз** **Беккер Лиза**	Әр баламен, жеке сөйлесу. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз дыбыстарды дұрыс әрі анық айтуды үйрету. **Вебер Наталия** **Исмагомбетов Расул**
Серуенгедайындық	**"Көктемде қалай киінеміз?" (Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)**балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны –әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды.Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.**"Серуенге дайынбыз!"** **(Барлық дағдыларды бекіту)**Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді."Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді.барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету.				
Серуен	**"Жасыл әлем"** **Балалардың дербес әрекеті:**	**"Көктемгі самал жел"** **Балалардың дербес**	**"Аспан әлемі"** **Балалардың дербес**	**"Көктемгі су қоймалары"**	**"Жасыл әлем"** **Балалардың дербес**

	Шөптерді, жапырақтарды қолмен ұстап, олардың құрылымын сезіну. **Қимылды ойын:** «Өсімдік қалай өседі?» ойыны (балалар жаңбыр тамшысы секілді қозғалып, өсімдіктер секілді көтеріледі). **Бақылау:** Өсімдіктер қалай өзгереді? Олардың түсі, пішіні қандай? **Еңбекке баулу:** Гүлдерді, ағаштарды суару. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру **Ұлттық ойын: Орныңды тап.** Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүйемелдеуімен билейді.Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек,орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу,би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар кайту.	**әрекеті:** Желдің бетке тигенін сезу, жапырақтардың қозғалысын бақылау. **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар» ойыны (тәрбиеші «жел соқты» десе, балалар жапырақ секілді қозғалады). **Бақылау:** Желдің бағытын қалай білуге болады? **Еңбекке баулу:** Ауладағы қураған жапырақтарды жинау. **Тәжірибе: "Жел қалай қозғалады?"** Жеңіл заттарды (қағаз, қауырсын) үстелден үрлеу арқылы желдің бағытын анықтау. **Қимылды ойын:«Киіз үй»** **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету. **Ойын шарты:** Төрт орындықты қояды. Әрбір орындықтың үстінде орамал жатады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, тәрбиешінің дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. **Қоршаған әлеммен таныстыру, тәжірибелік жұмыс, еңбекке баулу** **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**әрекеті:** Балалар бұлттардың пішінін көруге тырысады. **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт» ойыны (тәрбиеші «күн шықты» десе, балалар жүгіреді, «бұлт басты» десе, тоқтайды). **Бақылау:** Бұлттар аспанда қалай қозғалады? **Еңбекке баулу:** Көгалдандыру жұмыстарына көмектесу. **Тәжірибе: "Бұлт қайдан пайда болады?"** Жылысуғамұзсалып, буменбұлттыңтүзілуінбақылау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық ойын: Орныңды тап.** Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүйемелдеуімен билейді.Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек,орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу,би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар кайту. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Балалардың дербес әрекеті:** Судың түсін, мөлдірлігін, қозғалысын бақылау. **Қимылды ойын:** «Су тамшысы» ойыны (балалар су тамшысы секілді жоғарыдан төмен секіреді). **Бақылау:** Су қайдан келеді? **Еңбекке баулу:** Өсімдіктерді суару. **Тәжірибе: "Су қайда кетті?"** Суға мақта малып, ол қайда сіңетінін қарау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық қимылды ойын:«Киіз үй»** **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету. **Ойын шарты:** Төрт орындықты қояды. Әрбір орындықтың үстінде орамал жатады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, тәрбиешінің дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді. **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**әрекеті:** Жапырақтарды ұстап, олардың құрылымын сезіну. **Қимылды ойын:** «Өсімдік қалай өседі?» ойыны (балалар жаңбыр тамшысы секілді қозғалып, өсімдіктер секілді көтеріледі). **Бақылау:** Өсімдіктердің түсі, пішіні қандай? **Еңбекке баулу:** Гүлдерді, ағаштарды суару. **Тәжірибе: "Өсімдік қалай өседі?"** Су салынған мақтаға дән сеуіп, бірнеше күн бойы өзгерісін бақылау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық ойын: Тышқан мен мысық** Ойын мақсаты:балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару

					үшін,қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек.Мысық тышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді. К\құралдар: мысық,тышқан бетперделері. **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** К**иімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Көңілді жәндіктер"** **Мақсаты:** Балаларға жәндіктердің түр-түсін таныстыру.Құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Қай жәндік қалай дыбыстайды?" Балалар жәндіктердің дыбысын салады, қайсысы екенін табады. **Сурет салу:** Тарақан, қоңыз, көбелекті бояу. **Жапсыру:** Түрлі-түсті қағаздан ара жасау. **Мүсіндеу:** Пластилиннен ұлу мүсіндеу. **Қауіпсіздік:** Қайшыны дұрыс қолдану. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін**	**"Менің отбасым"** **Мақсаты:** Балаларға отбасы мүшелерін бейнелеуге үйрету. Құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Кімге ұқсаймын?" Балалар өз отбасы мүшелерін сипаттайды. **Сурет салу:**Отбасыпортретін салу. **Жапсыру:**Үйдіңішінқағазданқиып, жапсыру. **Мүсіндеу:**Пластилинненана, әке, бала мүсіндеу. **Қауіпсіздік:**Желімқолданукезіндеабай болу. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту, Қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру**	**"Достық әлемі"** **Мақсаты:** Достық тақырыбын түсіндіру. Құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Достықдеген не?" Балалардостықтуралыөзойларынайтады. **Сурет салу:**Достарыныңбейнесінбояу. **Жапсыру:**Қолұстасқанбалалардықағазданқиыпжапсыру. **Мүсіндеу:**Пластилиннен "Достықбелгісін" жасау. **Қауіпсіздік:**Жұмысорнын таза ұстау. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту, Қауіпсіздік**	**"Ғажайып кемпірқосақ"** **Мақсаты:** Кемпірқосақтың түстерін ажырату, бояулармен жұмыс істеу.Құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Түстерді тап" Тәрбиеші түстерді атайды, балалар сәйкес түсті көрсетеді. **Сурет салу** Кемпірқосақ бояу. **Жапсыру:** Бұлттар мен жаңбыр тамшыларын жапсыру.. **Қауіпсіздік:** Бояуды дұрыс пайдалану, таза жұмыс істеу. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін**	**"Күзгі орман"** **Мақсаты:** Көктемгігі табиғатты бейнелеу. Құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Көктемде не өзгереді?" Балалар көктем мезгіліндегі өзгерістерді атайды. **Сурет салу:**жасылжапырақтарды бояу. **Жапсыру:**Көктемгіағашбейнесінжасау. **Мүсіндеу:**ПластилинненГүл жасау. **Қауіпсіздік:**Желімдіауызғажақындатпау. **Сурет салу, Мүсіндеу,**

	дамыту, Қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру		**дағдысын қалыптастыру**	**дамыту, Қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру**	**Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту, Қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	12 сәуір ғарышкерлер күніне «Мен ғарышкермін» суреттер мен макеттеркөрмесіне қатысуды ұсыну. **Аналар, әкелер мектебі.**	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Аналар мектебі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Ақбота» бөбекжайы
Топ: «Балапан» ортаңғы топ.
Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:Сәуір айы 2025-2026 оқу жылы

Күнтәртібі	**Дүйсенбі 06.04.2026**	**Сейсенбі 07.04.2026**	**Сәрсенбі 08.04.2026**	**Бейсенбі 09.04.2026**	**Жұма 10.04.2026**
Сәуір айы **«Құндылық Еңбекқорлық және кәсіпқойлық»** «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. Леонардо да Винчи».					
Балаларды қабылдау	Салемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Балаларға ынғайлы жағдай жасау, көніл күйін сұрап сұрақтар қою. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **«Менің Қазақстаным »** атты Қазақстан Республикасының әнұранын күнделікті орындау арқылы балалар бойына рәміздерге деген құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру**				
Ата-аналарменнемесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Балаңыз қандай ойындарды жақсы көреді (құрастыру, сурет салу, пластилин)? Үйде ұсақ моториканы дамытуға көңіл бөлесіз бе? Балаңыз түймелерді өзі таға ала ма? **Кеңестер:**Пластилинмен мүсіндеу, саусақ пен сурет салу. Мозаика, құрастыру ойыншықтарын пайдалану. Моншақтізу, түйме тағу секілді жаттығулар жасау. .**Кенес «3 жастағы баланың сөйлеу тілін дамыту»**				
Балалардың іс-әрекеті(ойын,та нымдық,коммун	**"Биік пен аласа"** **(Шама және салыстыру)** **Мақсаты:**	**"Өсімдік бөліктері"** **(Өсімдіктермен танысу)** **Мақсаты:** Өсімдіктің	**"Қандай жануар?"** **(Жануарлар әлемі)** **Мақсаты:** Үй жануарлары	**"Жеміс-жидектер мен көкөністер"** **Мақсаты:** Балаларды жеміс	**"Жабайы жануарлар"** **Мақсаты:** Қазақстандағы жабайы жануарлармен

икативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Биікжәне аласа заттарды ажырату. **Ойын:** «Кімбиік?» Балалар өздерінің бойларын салыстырып, кімнің биік, кімнің аласа екенін анықтайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру:**Ағаштар мен гүлдерді салыстыру. **Математика негізі)**	бөліктерін (тамыр, сабақ, жапырақ, гүл) таныстыру. **Ойын:** «Қай бөлігі артық?» Балаларға өсімдік бөліктерінің суреттерін таратып, оларды дұрыс орналастыру керек. Өсімдіктерді бақылап, бөліктерін атау. **(Қоршаған әлеммен таныстыру, Математика негізі)**	мен олардың төлдерін ажырата білу. **Ойын:** «Анасын тап!» Балаларға жануарлар мен олардың төлдерінің суреттерін таратып, сәйкестендіреді. Төлдердің дауыстарын тыңдау (аудио арқылы). **(Қоршаған әлеммен таныстыру, Математика негізі)**	пен көкөністердің түрлерімен таныстыру. **Ойын:** «Дәміне қарай тап» Балалар көзі байлаулы күйде жемістердің дәмін татып, атауын табады.Жемістер мен көкөністерді топтастыру. **Эксперимент ;** Өсімдік қалай өседі?" (тұқым егу тәжірибесі). "Су қайда сіңеді?" (топыраққа су құйып бақылау). Өсімдіктерге күтім жасау (су құю, жапырақтарын сүрту). **(Математика негізі, эксперименттік дағдыны, еңбек ету дағдысын дамыту)**	таныстыру. **Ойын:** «Мен қандай жануармын?» Балаларға жануардың қимылын жасау ұсынылады, қалғандары қандай жануар екенін табады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Жануарлар туралы әңгімелеу . **(Қоршаған әлеммен таныстыру, Математика негізі)**
Ертенгілік жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығулар кешені: (1-15 сәуір аралығы)** Мақсаты**:**саусақ гимнастикасын қолдана отырып, денежаттығуларын орындауға қызығушылықтарынқалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету.Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту.Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі,). ҚР әнұранын орындау				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** **Көркем сөз:** Сылдырмайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсан сен әрдайым , Таза бетін маңдайың. Тазалық досың Су деген осы. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** **Көркем сөз:** Ас адамның –арқауы. Нан- тамақтын атасы Ыңтымақ- көптің батасы. Тамақтың қадірін білуге үйрету				
Сөздік минимум	**Зымыран, ғарышкер, жұлдыз, ғарыш**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Дене тәрбиесі** Кел,шынығайық, жаттығужасайық! Негізгі қимылдары: сапқа тұру және жұптасып жүру. 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Еденде жатқан кедергілерден аттап өту. Мақсаты:«Көжек» биоогиялық белсенді зоналарына массаж жасау арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері:жұптасып сапқа тұра білуді жетілдіруді жалғастыру, жұптасып жүру. Кедергілерден аттап өткенде тепе-теңдікті сақтай білу, дұрыс жүріс рефлексін жетілдіру. Алға қарай секіруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілетін дамыту, ырғақты сақтау, педагогтің нұсқауымен қимыл- қозғалысты жеделдете немесе баяулата білу. Балаларды Денешынықтыру сабағына оң көзқарас танытуға тәрбиелеу. Суық тию ауруларының алдын алу, биологиялық белсенді жерлерін сылап-сипау. Қимыл-қозғалыс ойын: «Ойыншық алып кел». Мақсаты: қозғалыс бағытын сақтай білуді қалыптастыруды жалғастыру, көзөлшемін жетілдіру	**Дене тәрбиесі** «Кел, шынығайық, жаттығу жасайық»! Негізгі қимылдары: сапқа тұру және жұптасып жүру. 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Еденде жатқан кедергілерден аттап өту. Мақсаты:«Көжек» биоогиялық белсенді зоналарына массаж жасау арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері:жұптасып сапқа тұра білуді жетілдіруді жалғастыру, жұптасып жүру. Кедергілерден аттап өткенде тепе-теңдікті сақтай білу, дұрыс жүріс рефлексін жетілдіру. Алға қарай секіруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілетін дамыту, ырғақты сақтау, педагогтің нұсқауымен қимыл- қозғалысты жеделдете немесе баяулата білу. Балаларды Денешынықтыру сабағына оң көзқарас танытуға тәрбиелеу. Суық тию ауруларының алдын алу, биологиялық белсенді жерлерін сылап-сипау. Қимыл-қозғалыс ойын:		**Дене тәрбиесі** «Көбірек күле біл» Негізгі қимылдары: бір аяқтан екіншісіне секіру. 10 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекіткен көлбеу тақтайдан сырғанап түсу. Мақсаты:аяқтан аяққа секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: бір аяқтан екіншісіне секіруге үйрету, бір аяқпен ептілікпен итеріліп, екіншісімен түсу. Жылдам қарқынмен жүгіруді бекіту, қолдың белсенді қимылын, аяқтың басқан қадамымен үйлестіру, шеңберді тарылтпау. Көлбеу тақтайдан сырғанап түсуге жаттығу, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Талдау жүйесінің үйлесімділігін, ептілікті дамыту. Қоршаған ортаға оң көзқарас, жылы шырай қалыптастыру. Ойын: Айгөлек-ау, Айгөлек, кел, билейік дөңгелеп Мақсаты: қимыл-қозғалысты музыка ырғағымен, мәнерлі орындай білуді қалыптастыру.	**Қазақ тілі** Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, Байқоңыр ғарыш айлағы туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып,балалардың ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру. Балалардың байланыстырып сөйлеуін, көркемдік талғамын, шығармашылық қабілетін арттыру .Билингвалдық компоненті: ғарыш – космос, Зымыран – ракета, аспан – неба, космонавт - ғарышкер Тәрбиеші:- Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? Балалар:-Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз. Тәрбиеші:Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар? - Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? - Сендерге ұнай ма? Балалардың жауаптары. Тәрбиеші:Маған да ұнайды.Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? (Балалардың жауабы) Тәрбиеші:Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар!

	2.Музыка Міндетті: музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Екі тілді компонент: секіреміз - прыгаем, би – танец, билейміз- танцуем, ән айтамыз поем песню 1. Залға кіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қос мүйіз» 2 Музыка тыңдау: «Келіншек» халық күй 3. Ән айту «Песенка моя», «Әжем менің» «Анашым» 4. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау: «Келіншек» халық күй5. Би: «Қамажай»	«Ойыншық алып кел». Мақсаты: қозғалыс бағытын сақтай білуді қалыптастыруды жалғастыру, көзөлшемін жетілдіру.			(Есік қағылып, хат тасушы хат әкеліп береді) Тәрбиеші:Балалар, қараңдаршы бізге хат келіпті,қане оқып көрейін ішінде не жазылған екен? -Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе? Жұмбақтар: Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады.(Күн) Күндіз бәрі қашады, Түнде аспанды басады. (Жұлдыз) Ұшады қанатсыз Зырлайды аяқсыз (Зымыран) Көлде жүрген ақ үйрек, Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай) Тәрбиеші:Ал ғарышқа кімдер ұшады? Балалар:Ғарышкер, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев «Ұшты-ұшты»ойыны Тәрбиеші:Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек? Балалар:Зымыран
Серуенгедайындық	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Көктемде қалай киінеміз?" (Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)** балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны –әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?"** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-

		Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.		дұрыс жинауын қадағалу.	күймен шығуын қамтамасыз ету.
Серуен	**"Жаңбыр тамшылары" Бақылау:** Жаңбырдың жерге түсуін, шалшықтардың пайда болуын бақылау. **Еңбекке баулу:** Шалшықтарды айналып өту, аяқ киімді таза ұстау. **Тәжірибе:** "Су қайда сіңеді?" (Жерге су құйып, қалай сіңетінін көру). **Қимылды ойын:** "Жаңбырдан қашу" (Балалар шатыр астына тығылады).**Сөйлеу дағдысы:**"Жаңбыр қалай жауады?" (Тамшы-тамшы, сылдыр-сылдыр). (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық ойын: «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бі\ріні бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.	**"Көктемгі киім"Бақылау:**Балалардың көктемгі киімдерін қарастыру. **Еңбекке баулу:** Киімдерін реттеу, батпақтан сақтану. **Тәжірибе:** "Неге біз қалың киінбейміз?" (Көктемнің жылыну себебін түсіндіру). **Қимылды ойын:** "Киім кию" (Кім жылдам қалпақ, шалбар, етік киеді). **Сөйлеу дағдысы:** "Көктемде қандай киім киеміз?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына тақия тастап каетеді.Артына тақияны тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді.Артына тақияны тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді.	**"Көктемгі дыбыстар"Бақылау:**Құстардың, желдің, жаңбырдың дыбыстарын тыңдау. **Еңбекке баулу:** Ауладағы заттарды орын-орнына қою. **Тәжірибе:** "Құстар қалай сайрайды?" – әртүрлі құс дыбыстарын салыстыру. **Қимылды ойын:** "Тыңда және тап" (Балалар дыбысты тыңдап, қайдан шыққанын табады). **Сөйлеу дағдысы:** "Қандай дыбыстарды естідің?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қимылды ойын: «Кім жылдам?».** *Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.*	**"Көктемгі көлеңке" Бақылау:** Көлеңкенің пайда болуын зерттеу. **Еңбекке баулу:**Серуенаймағынжинастыру. **Тәжірибе:** "Көлеңкеқайдакетеді?" – жарықтыңбағытынбақылау. **Қимылдыойын:** "Көлеңкеңдіқуыпжет" (Балаларөзкөлеңкесінұстапалуғатырысады). **Сөйлеудағдысы:** "Көлеңке неге өзгеріптұрады?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қазақ тілі Ұлттық ойын: «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бі\ріні бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.	**"Көктемгі орман" Бақылау:** Ағаштардың, бұталардың өзгерістерін бақылау. **Еңбекке баулу:** Кішкентай бұтақтарды жинап, аумақты тазарту. **Тәжірибе:** "Жапырақтар қашан шығады?" – бүршіктерді зерттеу. **Қимылды ойын:** "Ағаш бол" (Балалар ормандағы ағаштар сияқты қозғалады). **Сөйлеу дағдысы:** "Ағаштар қалай өзгереді?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына тақия тастап каетеді.Артына тақияны тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді.Артына тақияны тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді.

<table>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу
Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)
Көркем сөз:
Сылдырмайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолынды жу.
Жуынсан сен әрдайым ,
Таза бетін маңдайың.
Тазалық досың
Су деген осы.
Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.
Жеке бас гиienасы мәдениетін уйрету
Көркем сөз:
Нан қиқымын шашпаймыз,
Асқа құрмет жасаймыз
Рақмет айтып әрқашан,
Тамақты біз бағалаймыз!</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдетуұйықтар алдында балаларға кітап оқу
(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)</td></tr>
<tr><td>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында
«Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Жұмсақ және қатты жолдар</td><td>Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау.
«Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Жұмсақ және қатты жолдар</td><td>Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасаутыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару.
«Денсаулық жолдарымен жүргізу »
құмды жолдар</td><td>Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау
«Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар</td><td>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында
«Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Жұмсақ және қатты жолдар</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Көркем сөз
Ас дәмді ас тәтті,
Ішеміз біз рахатпен.
Үлкендерге рқмет,</td></tr>
</table>

	Тәрбиелі боламыз!					
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Зебра жолы"** **Мақсаты:** "З" дыбысының артикуляциясын бекіту, сөз тіркестерін дұрыс айту. **Ойын:** "Бағдаршам" Балалар бағдаршам түстеріне сәйкес әрекет етеді (қызыл – тоқтау, жасыл – жүру). "З" дыбысы бар сөздерді табу (мысалы, "зебра", "заң"). **Артикуляциялық жаттығу:** "Зебра" (З-з-з). **Құрастыру:** Жол өткелінжасау. **Тіл дамыту, Құрастыру**	**"Су астындағыдостар"** **Мақсаты:** "С" дыбысындұрысайту, сөйлеумәнерінқалыптастыру. **Ойын:** "Суғасұңғігенкім?" Балалар су астындағытіршілікиелерінжасырадыжәнесипаттайды (мысалы, "Бұлүлкен, көк, суда жүзеді – бұл кит!"). **Артикуляциялық жаттығу:** "Суықжел" (С-с-с). **Құрастыру:**Балықтар мен теңізтолқындарынжасау. **Тіл дамыту, Құрастыру**	**"Жасылорман"** **Мақсаты:** "С" және "З" дыбыстарындұрысайту, сөйлеудағдысынбекіту. **Ойын:** "Ормандағыаңдарды тап" Тәрбиешіаңдардыңдауысынсалып, балаларқайжануарекенінтабады. **Артикуляциялық жаттығу:** "Желдіңсыбдыры" (С-с-с). **Құрастыру:**Орманкөрінісінжасау. **Тіл дамыту, Құрастыру** **"Ою-өрнектерді жина" қазақ халық ойыны** Міндеті: қазақ халқының ою-өрнектерімен таныстыру. Қозғалыс: балалардың алдында үстелде ою-өрнектер бейнеленген суреттер бар. Бүкіл ою-өрнек жасау үшін суретті бөліктер бойынша орналастыруды ұсыну.	**"Серуенге шыққан қоян"** **Мақсаты:** "С" дыбысы бар сөздерді дұрыс айту, оқиғаларды байланыстырып сөйлеу. **Ойын:** "Қоянға көкөніс жинайық" Балалар қоянға "С" дыбысы бар көкөністерді (сәбіз, саңырауқұлақ) жинайды. **Артикуляциялық жаттығу:** "С-с-с" (желдіңдыбысы). **Құрастыру:**Қоянға үйжасау. **Тіл дамыту, Құрастыру** **Қазақ халық ойыны "Айырмашылықтарды тап"** Мміндеті: қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Барысы: балаларға сандық суреті ұсынылады. Иллюстрацияны қарастырған кезде айырмашылықтарды табу ұсынылады. Ұсынылған объектілерді қарау кезінде қиындықтар туындаған жағдайда балаға сұрақтар қоюға көмек көрсетілуі мүмкін. Сұрақтар: - суретте не салынған? - Басқа суретке не салынған? - Олар әртүрлі ме, әлде бірдей ме? - Қандай ұқсас? – Олар қалай ерекшеленеді? – Айырмашылықтың түсі қандай? – Қанша айырмашылықты	**"Саяхатшы сиыр"** **Мақсаты:** "С" дыбысын бекіту, сөздік қорды арттыру. **Ойын:** "Саяхатшының себеті" Балалар сиырға азық жинайды және атайды: "Сәбіз", "Сүт", "Су". **Артикуляциялық жаттығу:** "С-с-с" (желдіңдыбысы). **Құрастыру:** Ферма макетінжасау.Тіл **дамыту, Құрастыру** **"Суретті жина" қазақ халықының ойыны** Міндеті: қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Барысы: балалардың алдында үстелде қазақтың тұрмысы бейнеленген кескінді суреттер жатыр (Көрпе, алаша, сандық, домбыра). Бүкіл затты жасау үшін суретті бөліктерден құрастыруды ұсыну.

				санаңыз және т. б.	
Балалармен жеке жұмыс	Жаттығу: «Лақтырда тосып ал» Мақсаты:Допты екі қолдап лақтырып тосып алуға үйрету. **Капинос Дарья** **Галай Виктория**	Логикалық тапсырмалар: «Суреттен не көріп турғаныңды айтып бер».Ағаш пен бұта,бұта мен шөп несімен ұқсас және айырмашылықтары неде? **Канат Амир** **Куцев Георгий**	Құрлыс ойындары: «Досыма үй саламын»Кірпіштерді орналастыру арқылы үй құрастыруды үйрету.Әр түсті өз орнына орналастыруын қадағалау: **Кулеш Валерия** **Савенков Иван**	Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін атауға үйрету. **Рустемулы Наби** **Шарипов Мансур**	**«Сөзді аяқта»** Балалардың ойлау қабілеттерін тілдерін дамыту. **Данченко Мария** **Иванов Иван**
Серуенге дайындық	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?"** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді.«Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету

Серуен	**"Су – тіршілік көзі"** **Балалардың дербес әрекеті:** Судың қалай таматынын, ағып жатқан судың дыбысын тыңдау. **Қимылды ойын:** «Су толқыны» (балалар қолдарын баяу әрі серпінді қозғалтады). **Бақылау:** Су мөлдір ме? Ол неменағады? **Еңбекке баулу:** Суды үнемдеудіүйрену. **Тәжірибе: "Судыңпішіні бар ма?"** Суды әртүрліыдыстарғақұйыпоны ңпішініқалайөзгеретінінбақылау. **Қимылды ойын:«Көлеңке»** **Мақсаты:** *балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту* **Ойын шарты:** Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Айнұр шығып сен көрсет. Тәрбиеші балаларды кезектеп атап,ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды.	**"Көктемгі ағаштар"** **Балалардың дербес әрекеті:** Ағаш бұтағын ұстап, оның қатты-жұмсақ екенін анықтау. **Қимылды ойын:** «Ағаш бол» (балалар ағаш сияқты тік тұрады, жел соқса – тербеледі). **Бақылау:** Жапырақтар пайда болды ма? **Еңбекке баулу:** Ағаш түбіне су құю. **Тәжірибе: "Сұйықтық қалай қозғалады?"** Ақ гүлді түрлі-түсті суда қалдырып, оның боялғанын көру. **Қимылды ойын:«Аюдың апанында»** **Мақсаты:** балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. **Ойын шарты** :Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады.(аю)Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып,төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Әне аюдың апаны,жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық,саңырауқұлақ,бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды,оятып біз алмайық. Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю,оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады.	**"Көктемгі иістер"** **Балалардың дербес әрекеті:** Балалар гүлдің, дымқыл жердің, жапырақтың иісін сезуге тырысады. **Қимылды ойын:** «Гүлге қонған көбелектер» (балалар гүлге қонып, қолдарын жайып отырады, тәрбиеші "жел соқты" десе – басқа гүлге ұшады). **Бақылау:** Гүлдердің, жаңбырдан кейінгі иістің ерекшелігі. **Еңбекке баулу:** Кішкентай гүлдерге су құю.**Тәжірибе: "Иістерді тану"**Балалар көздерін жұмып, әртүрлі өсімдіктер мен заттардың иісін анықтайды. **Ұлттық ойын: «Орамал тастамақ»** Балалар шеңбер жасап тұрады.Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап каетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді.Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді.	**"Жапырақтардың өзгеруі"** **Балалардың дербес әрекеті:** Жаңа шыққан жапырақтарды қарау, қолмен сипау. **Қимылды ойын:** «Желмен тербелген жапырақтар» (балалар жел соққанда тербеледі, жаңбыр жауса – бүріседі). **Бақылау:** Жасыл жапырақтар қалай ашылады? **Еңбекке баулу:** Кепкен жапырақтарды жинау. **Тәжірибе: "Жапырақтың құрылымын зерттеу"** Лупамен жапырақтың тамырларын қарау. **Ұлттық ойын Күн мен жаңбыр**. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.	**"Су – тіршілік көзі"** **Балалардың дербес әрекеті:** Судың қалай таматынын, ағып жатқан судың дыбысын тыңдау. **Қимылды ойын:** «Су толқыны» (балалар қолдарын баяу әрі серпінді қозғалтады). **Бақылау:** Су мөлдір ме? Ол неменағады? **Еңбекке баулу:** Суды үнемдеудіүйрену. **Тәжірибе: "Судың пішіні бар ма?"** Суды әртүрліыдыстарғақұйып, оныңпішініқалайөзгеретінін бақылау. **Ұлттық ойын Күн мен жаңбыр**. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**				
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Аспанда не бар?"** **Мақсаты:** Күн, ай, жұлдыздарды бейнелеу. Құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Аспанғақара" Балаларкүндізжәнетүндеаспанда не болатынынайтады. **Сурет салу:**Күн мен жұлдыздарды бояу. **Жапсыру:** Ай мен бұлттарды қағаздан қиып жапсыру .**Мүсіндеу:**Пластилиннен ай, жұлдыз жасау. **Қауіпсіздік:**Желім мен пластилиндіауызғасалмау.**,** **Қауіпсіздікті сақтау дағдысын қалыптастыру**	**"Теңіз әлемі"** **Мақсаты:** Теңіз жануарларын бейнелеу. Құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Суда кім жүзеді?"Балалар су жануарларынатайды. **Сурет салу:**Балықтар мен су астыәлемінбояу. **Жапсыру:**Қағаздан қиып, балықтарды аквариумғажапсыру. **Мүсіндеу:**Пластилиннентас бақа, медуза жасау. **Қауіпсіздік:**Ұқыпты жұмыс істеу. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Қауіпсіздікті сақтау дағдысын қалыптастыру**	**"Жемістер мен көкөністер"** **Мақсаты:**Жемістер мен көкөністердітану.Құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтау**Ойын:** "Бұл қандай жеміс?"Балалар жемістерді сипаттайды. **Сурет салу:**Алма, банан, қиярбояу. **Жапсыру:**Көкөністерді ретімен орналастырып, жапсыру. **Мүсіндеу:**Пластилинненжемістермүсіндеу. **Қауіпсіздік:**Пластилиндіауызғасалмау. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Қауіпсіздікті сақтау дағдысын қалыптастыру**	**"Көңілдікөбелектер"** **Мақсаты:**Көбелектіңәдемілігінсезіну, түсүйлесімінмеңгеру.Құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтау **Ойын:** "Көбелек қайда қонады?" Балалар көбелектердің ұшатын жерлерін атайды. **Сурет салу:**Түрлітүстікөбелектербояу. **Жапсыру:**Қағаздан қиып, қанаттарын жапсыру. **Мүсіндеу:**Пластилинненкөбелектің денесін жасау. **Қауіпсіздік:**Қайшыны қауіпсіз қолдану.	**"Ғарышәлемі"** **Мақсаты:**Ғарыштуралытүсінік беру. Құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтау **Бейне ролик көрсету** **Ойын:** "Ғарышкерболғымкеледі" Балаларғарыштуралыайтып береді. **Сурет салу:**Зымыран, планеталарбояу. **Жапсыру:** Ай мен жұлдыздардыжапсыру. **Мүсіндеу:**Зымыран жасау. **Қауіпсіздік:**Желімді көзге жақындатпау. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Қауіпсіздікті сақтау дағдысын қалыптастыру**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналарға балалармен бірге «Құстарға қамқорлық» акциясына қатысып құстарға ұя жасауды ұсыну. **Әкелер мектебі**.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Ақбота» бөбекжайы
Топ: «Балапан» ортаңғы топ.
Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:Сәуір айы 2025-2026 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 13.04.2026	Сейсенбі 14.04.2026	Сәрсенбі 15.04.2026	Бейсенбі 16.04.2026	Жұма 17.04.2025

Сәуір айы **«Құндылық Еңбекқорлық және кәсіпқойлық»** **«**Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар**».**					
Балаларды қабылдау	Салемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Балаларға ынғайлы жағдай жасау, көніл күйін сұрап сұрақтар қою. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **«Менің Қазақстаным »** атты Қазақстан Республикасының әнұранын күнделікті орындау арқылы балалар бойына рәміздерге деген құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру**				
Ата-аналарменнемесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі15минут** **Баланың қауіпсіздік ережелерін білуі** Балаңыз қауіпсіздік ережелерін біле ме (от, су, жол қозғалысы)?Өзіне бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасайды? Қандай жағдайларда ата-анасына хабар беру керек екенін біле ме? **:**Қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Жолда жүру мәдениетін үйрету."Егер адасып кетсең, не істейсің?" деген сұрақтарды талқылау				
Балалардың іс-әрекеті(ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**"Бөлме өсімдіктері"Мақсаты:** Бөлме өсімдіктерінің түрлерін таныстыру. **Ойын:** «Күтім жаса» Балалар бөлме өсімдіктеріне су құю, шаңын сүрту сияқты күтім жасауды үйренеді. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Гүлдерді атау.Бейне бачн арқылы гүлдердің түрлерімен таныстырып аттарын жаттату **(Математика негізі, Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Тең сандар"** **Мақсаты:** Заттарды жұптастыру арқылы теңдік ұғымын бекіту. **Ойын:** «Жұп-жұп» Балалар бірдей заттарды тауып, жұптастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Жапырақтарды жұптастыру.жапырақ қиындыларын дайындап балаларға жиектері бірдей жапырақарды теңестіру **(Математика негізі, Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Жануарлар қайда мекендейді?"** **Мақсаты:**Жануарлардыңтіршілікортасынажыратабілу. **Ойын:** «Орманда, суда, далада» Балаларжануарлардыңқайдамекендейтінінанықтайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру:**Табиғаттағыжануарлардыбақылау.Бейнеролик арқылы жануарлардың мекенін көрсету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Қандай жануардың ізі?"** **Мақсаты:**Балаларғаәртүрлі жануарлардыңіздерімен таныстыру. **Ойын:** «Ізді тап!» Балаларғажануарлардыңізделрікөрсетіледі, оларқайжануарғатиесіліекенінтабады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:**балаларға бейнеролик көрсетіледі , артынша қағаз қиындыларына берілген іздерді жануарлармен теңестіреді **(Математика негізі, Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Ұзын және қысқа"** **Мақсаты:** Балаларды ұзын және қысқа ұғымдарымен таныстыру. **Ойын:** «Кімнің жібі ұзын?» Балалар әртүрлі ұзындықтағы жіптерді салыстырып, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін анықтайды.**Қоршаған әлеммен таныстыру:** қағаздан Ағаш бұтақтарының сұлбасы беріледі , ағаштардың ұзындығын салыстырады.. **(Математика негізі, Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Ертенгілік жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығулар кешені: (15 -30 сәуір аралығы)** Мақсаты**:**саусақ гимнастикасын қолдана отырып, денежаттығуларын орындауға қызығушылықтарынқалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету.Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту.Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі,). ҚР әнұранын орындау				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында				

	қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. ***Бата беру:*** *Асқа байлық-денге саулық берсін* *Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру* Қасықты оң қолмен ұстауға баулу *.Өіне-өзі қызмет етуге үйрету*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ	**"От – дос па, жаума?"** **Мақсаты:**Балаларға оттыңпайдасы мен қауіптілігін түсіндіру. **Ойын:** "Қауіптізаттарды тап" Балаларға түрлі суреттер көрсетіп, қайсысы қауіпті екенін сұрау. **Өнегелі15 минут:** Сіріңке мен оттық – ойыншықемес! Пеш пен плитаданалыс тұру керек. **Қауіпсіздік:**Ересектерсіз отқа жақындамау.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **"Үнемділікке баулу"** **Міндеті:** Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. **Ойын:"Кранды жап"** Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қолжуыпболғансоң, кранды жабу	**Сыпайылық ережелері"** **Міндеті:** Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету. **Ойын:"Сиқырлы сөздер"** Балалар сиқырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады. Олар бұл затты алмас бұрын "өтінемін" деп айтуы қажет. Әр бала ойын соңында «рақмет» айтуға дағдыланады.	**Өрт қауіпсіздігі** Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.	**"Жолда жүрсек сақ боламыз"** **Мақсаты:**Қарапайым жол ережелерін түсіндіру. **Ойын барысы:** Ойыншық машиналар мен ойнау кезінде балаларға жолдатек жаяу жүргінші жолымен жүруді, көшенітек белгіленген орыннанкесіп өтуді үйрету.
Сөздік минимум	**Шие, алма, алмұрт, қияр, қызанақ**				

